

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мәселелері
және оны дамыту бағыттары» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«28» мамыр 2026 ж.

Ғылыми кеңесте «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мәселелері және оны дамыту бағыттары» мәселесі тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, университеттің академиялық саясатына, университеттің миссиясын жүзеге асыруға бағытталған қағидаттарға және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің әлемдік жүйесін дамытудың негізгі қағидаттарына сәйкес, академиялық күнтізбе негізінде ұйымдастырылады.

2026 жылғы 01 мамырдағы жағдай бойынша І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 428 магистрант және 93 докторант білім алуда.

2025-2026 оқу жылында кадрлар даярлау магистратураның 28 және докторантураның 12 іске асырылатын білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылуда. 2026 жылғы 06 мамырда «7М0106 Шетел тілі педагогтарын даярлау» жаңа бірлескен ББ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілді. Халықаралық академиялық ынтымақтастық аясында жаңа қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу жұмыстары жалғасуда.

Магистранттар мен докторанттардың кәсіби тәжірибесін ұйымдастыру үдерісін жетілдіру мақсатында зерттеу практикасын диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес эмпирикалық материалдар жинау және зерттеудің дәлелдемелік базасын қалыптастыру үшін тиісті ұйымдардың базасында өткізу тәжірибесі енгізіліп, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша тәжірибе базаларымен 75 шарт жасалды.

Есептік кезеңде 96 магистрант шетелдік, 176 магистрант отандық ғылыми тағылымдамадан өтті, ал университет базасында басқа жоғары оқу орындарынан 62 білім алушы ғылыми тағылымдамадан өтті.

Докторанттардың шетелдік ғылыми тағылымдамаларын ұйымдастыру бойынша оң динамика байқалып, шетелдік ғылыми тағылымдамадан өткен докторанттар саны, серіктес жоғары оқу орындарының және қамтылған елдер саны артты. Тағылымдама өтетін ЖОО қатары Америка Құрама Штаттарындағы The University of Texas at El Paso, Польшадағы University of Gdańsk және Болгариядағы Sofia University St. Kliment Ohridski университеттерімен толықты.

2025-2026 оқу жылында өткен жылдары докторантура аяқтаған 14 докторант диссертациялық жұмыстарын сәтті қорғап, философия докторы (PhD) дәрежесінің дипломын алды.

«Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мәселелері және оны дамыту бағыттары» мәселесі бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына, оның ішінде жаңа қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларына талапкерлерді тарту мақсатында имидждік және кәсіптік бағдар беру жұмыстары жандандырылсын (**жауаптылар:** факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Мансап және жұмысқа орналастыру орталығы; **орындалу мерзімі:** 28.08.2026 ж.);

2. Кадрлар даярлау сапасына қойылатын талаптардағы өзгерістер, педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері, докторанттардың диссертациялық зерттеу тақырыптары ескеріле отырып, 2026-2027 оқу жылына арналған кәсіби практика базалары айқындалсын (**жауаптылар:** Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімі, факультет декандары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 01.09.2026 ж.);

3. Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігін бақылау күшейтілсін, жарияланымдық белсенділікті арттыру және диссертациялық жұмыстарды уақтылы қорғауға ұсыну қамтамасыз етілсін (**жауаптылар:** факультет декандары, докторанттардың ғылыми кеңесшілері, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімі; **орындалу мерзімі:** тұрақты түрде).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б. Таубаевқа жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«Құқық және экономика факультетінің Даму бағдарламасын іске асыру
аясында атқарылған жұмыстары және алдағы міндеттері» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«28» мамыр 2026 ж.

Ғылыми кеңес отырысында Құқық және экономика факультетінің 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының 2025 жылғы көрсеткіштерінің орындалуы туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырым жасалды:

1-стратегиялық бағыттың «Экономика үшін бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау» - «Білікті мамандарды даярлау», «Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және дене дамуын қамтамасыз ету» міндеттері орындалған;

- 2-стратегиялық бағыттың «Нәтижелі ғылым» - «Ғылыми-техникалық қызметті дамыту», «Ғылыми зерттеулерді ресурстармен қамтамасыз ету» міндеттері ішінара орындалған;

- 3-стратегиялық бағыттың «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің инфрақұрылымы мен менеджментін жетілдіру» - «Кадрлық менеджмент және біліктілікті арттыру» міндеттері толық орындалған;

- Даму бағдарламасының «Әлемдік тенденциялар контекстінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту» (1.3.1; 1.3.2; 1.3.7 тармақ), «Ғылыми-техникалық қызметті дамыту» (2.1.4, 2.1.5, 2.1.8) міндеттері бойынша жұмыстарды жетілдіру қажет.

«Құқық және экономика факультетінің Даму бағдарламасын іске асыру аясында атқарылған жұмыстары және алдағы міндеттері» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. «Құқықтану: салыстырмалы құқық» бірлескен білім беру бағдарламасын және «Экономика – Халықаралық экономика және коммерция» қос дипломды білім беру бағдарламасын ашу бойынша жұмыстар аяқталсын, білім беру бағдарламасына білім алушылар контингентін арттыру мақсатында кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілсін (**жауаптылар:** ҚЭФ деканы, Құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі, Экономика және сервис кафедрасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** 01.08.2026 ж.).

2. Факультет профессор-оқытушылар құрамының Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингті басылымдарда жарияланған мақалалар саны арттырылсын (**жауаптылар:** ҚЭФ деканы, деканның ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 31.12.2026 ж.).

3. Факультет білім алушыларының ішкі кіріс және шығыс академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу көрсеткіштері, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамының ішкі және (немесе сыртқы) академиялық алмасу

белсенділігі арттырылсын (жауаптылар: ҚЭФ деканы, кафедра меңгерушілері; орындалу мерзімі: 01.12.2026 ж. дейін).


4. Факультет кафедраларының халықаралық ғылыми жобалар мен бағдарламаларға қатысу белсенділігін арттыру мақсатында халықаралық гранттық конкурстарға ұсынылатын ғылыми жобалар тізбесі жасалсын және жобалық өтінімдер әзірлеу жұмыстары күшейтілсін (жауаптылар: ҚЭФ деканы, деканның ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері; орындалу мерзімі: 01.12.2026 ж.).

5. Факультетте шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттары бар оқытушылар санын арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілсін (жауаптылар: ҚЭФ деканы, кафедра меңгерушілері; орындалу мерзімі: 01.01.2027 ж. дейін).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«2025-2026 оқу жылындағы білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының
талдамалық есебі» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«28» мамыр 2026 ж.

Ғылыми кеңесте 2025-2026 оқу жылындағы білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының талдамалық есебінің нәтижелері тыңдалып, келесі қорытындылар жасалды:

2025-2026 оқу жылында білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмысына (ҒЗЖ) қатысу деңгейі 35,2%-ды құрады (2024-2025 оқу жылы 30,6%). Ғылыми қоғамдастық, ғылыми үйірмелер мен проблемалық топтарға қатысушы білімгерлер үлесі 1,5 есеге артып, университет бойынша 27,2% құрады (2024-2025 оқу жылында – 17,4%).

Білімгерлердің халықаралық және отандық ғылыми басылымдардағы жарияланым санының өсу динамикасы сақталуда. Web of Science және Scopus базасындағы мақалалар саны 16-ға дейін артты (2024-2025 оқу жылы 12 мақала). ҒЖБСКЕК ұсынған журналдардағы жарияланымдар саны 38-ге жетті (2024–2025 оқу жылында 20 мақала). Көрсеткіштер студенттердің ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылықтың артып келе жатқанын және ғылыми жұмыстардың нәтижелілігінің тұрақты өсуін көрсетеді.

«2025-2026 оқу жылындағы білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының талдамалық есебі» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Үздік ғылыми үйірме және проблемалық топты анықтау мақсатында конкурс ережесі дайындалсын және өткізілсін (Jas Galym және стартап конкурстарына өтінім дайындау, ғылыми мақала жариялау, республикалық конкурстарға қатысу және т.б. көрсеткіштер) (**жауаптылар:** Ғылым және коммерцияландыру департаменті, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** конкурс ережесін дайындау 31.10.2026 ж. дейін, конкурсты өткізу 31.03.2027 ж. дейін).

2. Факультеттерде студенттердің ғылыми белсенділігі бойынша деректер цифрлық форматта жинақталып, олардың жарияланым, баяндама, марапаттары мен жобаларын қамтитын жеке ғылыми портфолио жүйесі енгізілсін (**жауаптылар:** Ғылымметрия және кадрларды даярлау бөлімі, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 2026-2027 оқу жылы).

3. Перспективті ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға қолдау көрсету мақсатында инновациялық жобаларды әзірлеу, бизнес-жоспар жасау, зияткерлік меншік объектілерін қорғау және технологияларды нарыққа шығару бойынша жергілікті ұйымдармен (Атамекен, Jetisu Hub, Jetisu Digital, Astana Hub, Enactus, т.б.) бірге семинар-тренингтер ұйымдастырылсын (**жауаптылар:** Ғылым және коммерцияландыру департаменті, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 2026-2027 оқу жылы).

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректор А. Бахтауловаға жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай